

№30(169)

2 ТАМЫЗ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ТӨРТ ЖЫЛДА ТӨРТ ҚУАНЫШ

Ақмола облысы – елорда маңындағы қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. Соның жарқын мысалы – Қосшы қаласы. Күні кеше ғана ауыл мәртебесінде болған Қосшы 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ресми түрде қала санатына енді. Осы қысқа мерзім ішінде Қосшы айтарлықтай өзгеріп, заманауи келбетке ие болды.

Биыл Қосшы қаласының туған күні ерекше ауқыммен аталып өтті. Тұрғындар қала мәртебесінің төрт жылдығын жаңа пәтерлермен, мәдени нысандардың ашылуымен және әлемдік рекордпен қарсы алды.



Фото: Line/Aqmolat_region

2

ЖОО ТҮЛЕКТЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРУДА

Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамамен мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру мақсатында «Б» корпусының кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі көзделген.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жақсы нәтижелермен оқуды аяқтаған ЖОО түлектері диплом алғаннан кейін, бір жыл ішінде конкурстан тыс негізде кейбір мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналаса алады. Осы норма күшіне енген сәттен бастап, Департаментте 29 жас маманды конкурстан тыс тағайындау келісілді. Олардың қатарында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және басқа да жоғары оқу орындарының түлектері бар.

3

«ЫНТЫМАҚ» КЕШЕНІ ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

ЖҮЗДЕН АСТАМ ОТБАСЫ
БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қосшы қаласының 4 жылдығына орай, жүзден астам отбасының жылдар бойы күткен пәтерлерінің кілті салтанатты түрде табысталып, тұрғындардың қуанышын еселей түсті. Бұл – 2013 жылдан бері өз баспаналарына қол жеткізуді сарыла күткен «Сиреневый сад» тұрғын үй кешенінің 110 үлескерінің арманының орындалған сәті. Енді бұл кешен «Ынтымақ» деп аталып, елдің береке-бірлігін арттыра түспек.



Фотосурет авторіні

2

ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖАРҚЫН КЕШІ

Қосшы қаласының төрт жылдық мерейтойына арналған гала-концерт жоғары деңгейде өтіп, қала тұрғындарына ерекше кеш сыйлады. Бұл іс-шара сүйікті шаһарымыздың тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдени-рухани әлеуетінің де қарқынды дамып келе жатқанын айқын көрсетті. Мәдениет үйінің өнерпаздары өздерінің ән мен күйден шашқан шашуымен көрермендердің ықыласына бөленсе, түрлі өнер орталықтарының бишілері сахнаны ерекше билерімен көркейтіп, кешке айрықша реңк қосты.



Фотосурет авторіні

4

673 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ САҚТАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментіне полиция басқармасы «Қазақстан Республикасында уақытша тұруға шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартқан кәсіпкерлік субъектісі жүгінді.

Тексеру барысында қызмет беруші жоғары тұрған органның тапсырмасына сілтеме жасай отырып, кәсіпкер жұмысқа орналастырғысы келген Еуразиялық экономикалық одақ азаматтарынан медициналық сақтандыруды заңсыз талап еткені анықталды.

Дегенмен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсат беру қағидаларында Еуразиялық экономикалық одақ азаматтарынан медициналық сақтандыруды талап ету қажеттілігі көзделмеген.

Департамент мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды негізсіз деп танып, қызмет берушінің атына өтініш берушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ артық құжаттарды талап ету тәжірибесін тоқтату туралы шешім енгізді.

3

МЕРЕЙТОЙ

ТӨРТ ЖЫЛДА ТӨРТ ҚУАНЫШ



Фото: L.me/Aqmola_region

(Басы 1-бетте)

2021 жылдың 27 шілдесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қосшыға қала мәртебесін беру туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Осы атаулы күнге орай, биыл ұзақ жылдар бойы үйін күткен 110 үлескер тұрғын «Ынтымақ» тұрғын үй кешенінен (бұрынғы «Сиреневый сад») көптен күткен пәтерлеріне қол жеткізді. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов жаңа қоныс иелерін жеке құттықтап, сертификат табыс етті.

Мерекелік күннің тағы бір айрықша сәті – әлемдік рекорд орнауы болды. Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек Ері, композитор Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай 307 жұп – 614 адам композитордың әуеніне вальс билеп, ерекше флешмоб ұйымдастырды. GLOBAL BOOK OF RECORDS өкілі бұл жетістікті ресми түрде тіркеп, рекорд сертификатын қала әкімінің орынбасарына табыстады.

Өз тілшімізден

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«ЫНТЫМАҚ» КЕШЕНІ
ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

ЖҮЗДЕН АСТАМ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Салтанатты шарада сөз сөйлеген облыс әкімі Марат Ахметжанов бұл қуанышты оқиғаның Қосшы қаласының төрт жылдығымен тұспа-тұс келуінің символдық мәнін атап өтті: «Бүгінгі қуанышты жаңалық Қосшы қаласының төрт жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Негізі мұнда 547 пәтер салынды. Соның 110-ы үлескерлердің еншісінде. Оның ішінде әлеуметтік осал топтар да, салымшылар да бар. Пәтерлер тұрғындардың тек жиһазымен келіп орналасуына ыңғайлы етіп, жөндеу жұмыстарымен тапсырылып отыр. Қосшы тұрғындарын қуаныштарымен құттықтаймын, берекелі шаңырақ болсын!» Құрылыс кешеуілдеп, енді ғана қолданысқа берілген кешенге «Ынтымақ» деген атау берілді. Бұл атау бірлік пен келісім мағынасына тоғысып, мұндағы тұрғындардың бақ-берекесін арттыра түсетіні анық. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, бұл жаңа атау нысанның жаңа өмірге қадам басуын және ұзақ үміттің нәтижесін білдіреді.

Салтанатты шарада қаланың абыройлы ақсақалдары бата беріп, ақ жаулықты әжелері шашу шашып, мерекенің шырайын келтірді. Ал мәдениет үйінің өнерпаздары ән айтып, күй шертіп, тұрғындардың қуанышын еселей түсті. Бұл рәсімдер қазақ халқының дәстүріне сай өтіп, шараға ұлттық нақыш берді.

Қосшы – дамудың даңғыл жолына түскен жас қала. Алдағы уақытта «Diamond Park» тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Бұл Қосшы қаласының болашақта да тұрғын үй мәселесін шешуге басымдық беретінін көрсетеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында халықты баспанамен қамту мәселесіне ерекше назар аударады. Мемлекет басшысының баспана мәселесін шешуді басты міндеттердің бірі ретінде қарастыруы, Қазақстанның әлеуметтік бағыттағы мемлекет екендігін айқындайды. Президенттің сөзімен



айтсақ: «Әрбір азаматтың лайықты өмір сүруі, оның ішінде баспанамен қамтамасыз етілуі – мемлекеттің басты міндеті». Бұл баспана халықтың әл-ауқатын жақсартып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Қосшы қаласындағы «Ынтымақ» кешенінің ашылуы және алдағы «Diamond Park» кешенінің жоспарлануы Президенттің бұл бағыттағы саясатының нақты іс жүзіндегі көрінісі болып табылады. Үлескерлердің көп жыл күткен армандарының орындалуы бұл тек бір топ отбасының ғана емес, жалпы Қосшы қаласының және оның тұрғындарының болашаққа деген үмітін нығайтады. Баспана – әр адамның негізгі қажеттілігі, оның шешілуі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен берекенің кепілі. Бұл оқиға Қосшы қаласының дамуындағы маңызды кезеңді білдіреді және басқа да өңірлер үшін үлгі бола алады.

Гүлназ БИСЕН

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

ІЗГІЛІК

Құрметті Қосшы қаласының тұрғындары! Жылда 1 тамыз – 30 қыркүйек аралығында республиканың барлық өңірлерінде алтыншы жалпы республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізіледі.

Акцияның жұмысы балалардың әлеуметтік себептермен 1 қыркүйекте мектепке бара алмауының алдын алу және тұрмысы төмен отбасылардың оқушыларын жаңа оқу жылына дайындауда қолдау көрсетуге бағытталады.

Өмірдің қиын жағдайына душар болған балаларға, нақты бір балаға немесе аз қамтылған отбасына, жетім және ата-

анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар мекемесіне көмектесемін деген демеушілерді, мемлекет қызметкерлерін, әрбір азаматты «Мектепке жол» акциясына қатысуға шақырамыз.

Балаларға нақты қайырымдылық көмегін көрсетемін деген демеушілер ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 8(7172) 607789.

Көмек қажет ететін балалар туралы мәліметті білім бөлімінен алуға болады.

Балаларға мектепке жол табуға көмектесейік!



Фото: ақмола.республикасы

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ!

ФЕРМЕРГЕ БІР МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН
АРТЫҚ СУБСИДИЯ ТӨЛЕНДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментіне фермер қожалығы «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» мемлекеттік қызметін көрсетуден негізсіз бас тарту туралы шағыммен жүгінді.

Осылайша, кәсіпкер жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы бойынша құны 10 290 000 теңге трактор сатып алған.

Нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ауыл шаруашылығы техникасын осындай тәсілмен сатып алған жағдайда субсидия тағайындау кезінде өтініш берушіден төлемді растайтын құжаттар талап етілмейді.

Тексеру барысында қызмет беруші өтінімді қарау кезінде сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы үшін төлемді растайтын

құжаттарды талап ете отырып, осы мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын қате қолданғаны анықталды.

Осыған байланысты Департамент мемлекеттік органға қызмет алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы ұсыныс енгізді.

Нәтижесінде фермер шаруашылығына 1 050 000 теңге субсидия төленді.

**Мемлекеттік қызметтерді көрсету
басқармасының ақпараты**

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

МҰҚТАЖДЫҢ МҰҢЫН БӨЛІСКЕН – ЕЛ БОЛАР

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек тағайындау мен төлеу тәртібі жаңартылды. Қосшы қаласының «Мансап» орталығының ресми парақшасында жарияланған өзгерістер – әлеуметтік қолдауды нақты мұқтаж жандарға бағыттауға арналған маңызды қадамдардың бірі.

Жаңартылған тәртіптің өзегі – көмек көрсету жүйесін әділетті, ашық әрі дәл тетіктерге негіздеу. Бұған дейін отбасылардың тек табысы ескерілсе, енді шығындары да есепке алынады. Бұл тәсіл кірісі бар көрінгенімен, күнделікті қажетін әрең өтеп жүргендерді анықтауға жол ашады. Соның нәтижесінде мемлекет ресурстары нақты мұқтаждарға бағытталады.

Өтініш иесі мен оның жақын туыстары жөніндегі барлық мәліметтер egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы автоматты түрде жиналады. Түрлі мемлекеттік органдардың дерекқорларынан алынатын мәліметтер қатарына азаматтық пен тіркеу мекенжайынан бастап, тұрғын үй, көлік, банктегі шоттар мен жинақтар, несиелер, еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс, тіпті банк карталары арқылы жасалған шығындар да кіреді. Осындай кешенді талдау арқылы отбасының нақты жағдайы айқындалады.

Сонымен қатар әлеуметтік ахуал да жан-

жақты зерделенеді: балалардың оқуы, алименттердің бар-жоғы, ересектердің еңбекке жарамдылығы, кәсіби біліктілігі назарға алынады. Мұның бәрі отбасылық жағдайды өз күштерімен түзету мүмкін бе, әлде шын мәнінде мемлекеттің қолдауына зәру ме – соны анықтауға сеп болады. Бұл қадам әлеуметтік көмекті әділ үлестірумен қатар, азаматтардың қоғам өміріне белсенді араласуына да жол ашады.

Атаулы әлеуметтік көмекке тек Қазақстан азаматтары ғана емес, тарихи Отанына оралған қандастар да үміткер бола алады. Сонымен қатар елде тұрақты тұратын босқындар мен азаматтығы жоқ тұлғалар да қолдау алуға құқылы. Мемлекет осылайша құқықтық мәртебесіне қарамастан, ең әлсіз топтарға қамқорлық көрсетіп отыр.

Көмек тағайындаудағы басты өлшем – жан басына шаққандағы табыс мөлшері. Егер отбасының табысы заңда белгіленген кедейлік шегінен төмен болса, олар АӘК-ке өтініш бере алады.

Алмат КАБЕГЕНҰЛЫ



Бетті дайындаған:
Даулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/DauletKali Asauov
bi_barys01@mail.ru

ЗАМАНДАС

ЖОО ТҮЛЕКТЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРУДА

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарының түлектері уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс өткізбей орналасу мүмкіндігіне ие. Бұл мүмкіндікті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 4 түлегі пайдаланды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауылдық округтердің әкімдері өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізбестен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Осылайша, Департамент әртүрлі лауазымдарға 7 әкімді тағайындауға келісім берді. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша конкурстық іріктеусіз «Б» корпусының басшы лауазымдарына кандидаттарды тікелей тағайындау мүмкіндігі

көзделген. Бұл өз кезегінде бірінші басшылардың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігін күшейтеді. Осыған байланысты 11 облыстық басқарманың басшылары Агенттікпен келісім бойынша конкурстан тыс тағайындалды.

Конкурстан тыс тағайындау мүмкіндігі бар адамдардың арасында Өңірлік кадр резервінің мүшелері бар. Қазіргі уақытта Өңірлік кадр резервінің 12 мүшесі жергілікті атқарушы органдарда түрлі лауазымдарға тағайындалды.

Айта кету керек, бұл өзгерістер аудандық және ауылдық деңгейдегі кадрлар тапшылығы проблемасын шешуге, мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыруға, мемлекеттік аппаратты жаңа фармацевтикаға кәсіби, жоғары білікті кадрларымен уақтылы толықтыруға оң әсер етеді.

Жазира Сейітмағанбетова, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

673 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ САҚТАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар бұл мәселе Департамент жанындағы Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында қаралды.

Нәтижесінде 2 өтініш берушінің құқықтары қорғалды, оларға мемлекеттік қызмет оң тұрғыдан көрсетілді. Сондай-ақ полиция басқармасы шешім енгізгеннен кейін, Еуразиялық экономикалық одақтың 673 азаматының Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру туралы өтініштері артық құжаттарды талап етпей қаралды.

Осылайша, Департаменттің шешімі шағым авторларының проблемаларын жоюдан бөлек, басқа да мемлекеттік қызмет алуға өтініш білдірген азаматтар үшін құқықтарының бұзылуына, бюрократия көріністеріне тап болуына жол бермеуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету басқармасының баспасөз қызметі



ФОТО: АШЫҚ ӘКІМДІК ЖАҢАЛЫҚ

АШЫҚ ӘКІМДІК

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

97 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЖОҒАРЫ ЛАУАЗЫМДАРҒА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік органдардың кадрлық жай-күйіне жүргізілген мониторинг қорытындыларын ұсынды.

Мониторинг нәтижелерінен мемлекеттік қызметте меритократия қағидатының сақталатынын көруге болады. Меритократия мемлекеттік қызметті кәсібилендірудегі маңызды құрал болып табылады және осының арқасында өңірде жыл сайын өз жұмысы-

ның жетістіктері, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттері арқасында мансаптық ілгерілейтін қызметшілер саны артып келеді.

Атап айтқанда, 2025 жылдың I жартыжылдығы ішінде жоғары тұрған лауазымдарға 97 қызметші тағайындалды, оның ішінде ішкі

конкурстардың нәтижелері бойынша – 62, ауыстыру тәртібімен – 32, қызметті бағалау нәтижелері бойынша – 3.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдарда 2840 қызметкер жұмыс істейді, олардың 34,5%-ы – ерлер, 65,5%-ы – әйелдер.

35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 27,8% құрайды.

Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің үлесі 89,2% құрайды, олардың 18,1% екі немесе одан да көп жоғары білімі бар. Оның ішінде 87 шетелдік білім иегері, ҚР Президенті жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясының 9 түлегі, 3 «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, 4 ғылым кандидаты, 1 ғылым докторы бар.

Сынақ мерзімі 66 қызметкерге тағайындалды, оның 65-і тәлімгерлікпен қамтылды. 141 адам қайта даярлаудан, 317 адам біліктілігін арттырудан, 122 адам тағылымдамадан өтті.

Жазира Сейітмағанбетова, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақмола облысы бойынша департаментінің араласуынан кейін қызмет алушыға 393 200 теңге көлемінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілді.

Осылайша, өмірлік қиын жағдайға тап болған өтініш иесі С. жергілікті халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне әлеуметтік көмек алу үшін

жүтінген. Кейін ол оған тағайындалған көмек көлемімен келіспей, шағыммен Департаментке жүгінді.

Шағымды қарау барысында, қызмет беруші «Жергілікті өкілді

органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының талаптарын бұза отырып, өтініш бойынша іске қатысты толық мән-жайларды айқындамағаны, қызмет алушының материалдық жағдайын зерттеп-қарамағаны анықталды.

Осыған орай Департамент

қызмет берушіге анықталған бұзушылықтарды жою туралы шешім енгізді.

Нәтижесінде өтініш иесінің құқықтары қалпына келтіріліп, оған толық көлемде әлеуметтік көмек көрсетілді.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету басқармасының баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ 65,5 ПАЙЫЗЫ ӘЙЕЛДЕР

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2025 жылдың I жартыжылдығындағы қызметін қорытындылады.

Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарында гендерлік саясат сәтті іске асуда: қызметшілердің 1860 немесе 65,5%-ын әйелдер құрайды.

Жалпы, облыстың мемлекеттік қызметінің басшылық лауазымдарында 426 әйел жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жалпы басшы құрамның 44,8% құрайды.

Басшылық лауазымдардағы әйелдердің құрамы келесі көрсеткіштерден тұрады:

- облыс әкімінің орынбасарлары – 0,2%;
- қалалардың, аудандардың әкім-

дері және олардың орынбасарлары – 2,4%;

- аппарат басшылары және олардың орынбасарлары – 3,5%;

- облыстық басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары – 3,3%;

- құрылымдық бөлімшелердің басшылары – 37%;

- ауылдық округтердің әкімдері және олардың орынбасарлары – 10,5%;

- дербес бөлімдердің басшылары және олардың орынбасарлары – 23,6%;

- сектор меңгерушілері – 19,5%.

2025 жылдың I жартыжылдығында конкурстық және конкурстан тыс іріктеу қорытындылары бойынша, ауысу арқылы, сондай-ақ сайлау қорытындылары бойынша және басқа да себептер бойынша 437 қызметші тағайындалды, олардың 245 немесе 56% – әйелдер.

Жазира Сейітмағанбетова, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі



ФОТО: АШЫҚ ӘКІМДІК ЖАҢАЛЫҚ

«ТУҒАН КҮНІҢМЕН, ҚОСШЫ!»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАЙДАРМАН САЙЫСЫ ӨТТІ

ӨНЕР

Қосшы қаласының 4 жылдық мерейтойына орай, қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өткен «Туған күніңмен, Қосшы!» атты Республикалық Жайдарманшылар сайысы қала өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі болды. Бұл кеш жастардың тапқырлығы мен талантын, әзілін қатар өрбіткен рухани-танымдық іс-шараға айналды. Еліміздің әр өңірінен келген үздік командалар көрерменге ұмытылмас сәттер мен жарасымды әзілдерге толы кеш сыйлады.

Салтанатты шараның ашылуында Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкей қаланың қарқынды дамуына тоқталып: «Қайырлы кеш, құрметті қонақтар мен Қосшы қаласының тұрғындары! Қаламыздың үш жылдығын, төрт жылдығын барынша ерекше өткізуге бар күшімізді салып келеміз. Көпшілігі таң қалады: «Сендер бес, он жылдықтарыңды космоста тойлайтын шығарсыңдар!» – деп. Биыл әлемдік рекорд қойып, жағымды жаңалығымызбен таң қалдырып жатырмыз. Бір аптадан бері қала тұрғындарына барынша рухани қуаныш сыйлайтын шараларды өткізіп жатқан жайымыз бар. Қосшымыз жайнап, жарқырай берсін!» – деп, кештің рухани маңызын атап өтті.

Қосшы қалалық мәслихат депутаты, меценат Дидар Бөлтiрiкұлы да iзгi тiлегiн бiлдiрдi: «Құрметтi Қосшылықтар, төрт жылдығымыз құтты болсын! Ендi бiрнеше жылдың iшiнде бұдан да зәулiм сарай, мың адамға шақтап ауқымды шараларды өткiзу бұйырсын. Тәй-тәй басқан Қосшымыз әлi де дамып, алдыңғы қатарда болатынына сенiммен қараймын!» Бұл сөздер қаланың тек экономикалық емес, сонымен қатар мәдени-рухани әлеуетiнiң де артып келе жатқанын көрсетедi.

Жайдарман ойындарының негiзiн қалаушы Есен Елеукеннiң кештi өзi арнайы жүргiзуi көңiлдiлер мен тапқырлар клубының қазақ жастарының өмiрiнде алатын орнын айқындай түстi. Оның сахнадағы шеберлiгi мен ерекше энергиясы кешке көрi қосып, көрермендерге

ерекше әсер сыйлады.

Әдiлқазылар алқасының құрамында болған «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Ескендірова ойынның жоғары деңгейін атап өтті: «Бүгін тамаша ойын өтіп жатыр. Республикалық сахнада өнер көрсетіп жүрген мықты командалар бүгін Қосшы қаласының сахнасында үздік әзілдерімен бөлісіп жатыр. Қазылар алқасына үздіктерді анықтау сәл қиын болғалы тұр. Сәттілік тілеп, көрермендердің ықыласына алғыс білдіргім келеді».

Жайдарманның 2014 жылғы чемпионы Бекзат Дүйсенов те Қосшы қаласына ерекше жылы лебізін білдірді: «Қосшы өте қонақжай, жанға жайлы, ауасы таза керемет қала екен. Туған күндеріңіз құтты болсын! Қала жоғары жылдамдықпен дамып келе жатыр. Жағымды жаңалықтарыңыз көп болсын! Бүгінгі ойыншыларға тек сәттілік тілеймін!» Бұл сөздер Жайдарман ойындарының тек сахнадағы көңілді әзілдермен ғана емес, сонымен қатар қалалар арасындағы достық көпірін нығайтатындығын көрсеткендей.

Сахнада «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» (Рудный), 2024 жылғы Қосшы әкімінің кубогының иегерлері «Шекер» (Астана), «Қарағанды» құрамасы (Қарағанды), «Чехов аялдмасы» (Павлодар), «Көкпекті» құрамасы (Абай облысы), «Ою» командасы (Тараз) – биылғы Ұлттық лиганың жартылай финалистері, сондай-ақ SEIFULLIN (Астана) – Qazaqstan CUP лигасының



қатысушылары тамаша өнер көрсетті. «Қосшы» құрамасы қаланың намысын абыроймен қорғай білді. Халықтың көзайымына айналған АБИБАС (Астана) командасы тапқыр сөздерімен, ұтымды әзілдерімен сахнаның шырайын келтірді. «Жуалы» командасының (Жамбыл облысы) әзілі де бұл кеште көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Қазылар алқасының шешімімен I орынды «ОЮ» (Тараз) командасы иеленсе, II орын Қосшы құрамасы мен SEIFULLIN (Астана) командасына бұйырды. Жұлделі III орынға АБИБАС (Астана) пен «Жуалы» (Жамбыл облысы) командалары лайықты деп танылды. «Үздік ойыншы» арнайы номинациясын «Чехов аялдмасы» (Павлодар) мен Қарағанды құрамасының өкілдері алды.

Қосшы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін бұл күн тамаша әсер қалдырғаны анық. Жайдарман ойындары жай ғана көңіл көтеру шарасы емес, ол – жастардың шығармашылық әлеуетін ашатын, олардың тапқырлығы мен ой-өрісін дамытатын маңызды алаң. Бұл ойындар арқылы жастар қазақ тілінің байлығын, әзілдің

биік мәдениетін көрсетеді. Республикалық деңгейдегі мұндай іс-шаралардың Қосшыда өтуі – қаланың мәдени өмірінің дамып келе жатқандығының, жастарға ерекше көңіл бөлініп жатқандығының айқын дәлелі. Жайдарман – бұл достық пен бірлікті нығайтатын, әртүрлі аймақтардан келген жастарды біріктіретін рухани көпір. Ол жастардың бойындағы патриоттық сезімді оятып, еліне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Жалпы, Жайдарман ойындары қазіргі жастар арасында қазақ тілі мен мәдениетін насихаттауда, олардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Мұндай іс-шаралар жастардың бойындағы жаңашылдыққа деген ұмтылысты, креативті ойлау қабілетін дамытып, оларды қоғамға белсенді азамат ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Қосшы қаласының мерейтойына арналған бұл Жайдарман ойыны қала тарихында ерекше орын алып, болашақ ұрпаққа үлгі болатыны сөзсіз.

Гүлназ БИСЕН

ГАЛАКОНЦЕРТ

ЖАС ҚАЛАНЫҢ ЖАРҚЫН КЕШІ



(Басы 1-бетте)

Кештің басты ерекшелігі оның жұлдызды қонақтары болды. Сахна төрінде «Нұрлан & Мұрат» дуэті, АУКА, Қобыланды Болат сынды танымал әншілер өнер көрсетіп, көпшіліктің қошеметіне ие болды. Алайда кештің хедлайнері, яғни басты қонағы Артурдың сахнаға шығуымен бірге көрермендердің ыстық ықыласы айрықша сезілді. Бұл Қосшы қаласының рухани астанамыздың төңірегінде орналасқанына сай ірі мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қабілеттілігін дәлелдеді.

Концерт бағдарламасы әр алуан жанрларды қамтып, әрбір тыңдарманның талғамына сай болды. Ән мен күй, би композициялары – бәрі де кәсіби деңгейде орындалып, қаланың мәдени өмірінің байлығын көрсетті. Қосшы қаласына қонақ болып келген Рабига Толыбекованың: «Бүгін ерекше кештің куәсі болғаныма қуаныштымын. Концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Жергілікті әнші, бишілер тыңғылықты дайындалғандығы білінеді. Қосшы қаласын туған күнімен құттықтаймын. Бұдан да биік дәрежеден көріп, жаңара түскенінің куәсі болып жүре берейік», – деген тілегі шараның жалпы жұртшылыққа қалдырған оң әсерін айғақтайды.

Гала-концерттің соңы мерекелік отшашумен аяқталды. Аспанға

атылған түрлі түсті оттар қаланың төрт жылдық мерейтойына арналған кешке ерекше салтанат беріп, жиналған қауымға ұмытылмас әсер қалдырды. Бұл концерт Қосшы қаласының мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі екені анық. Соңғы жылдары Қосшы жас қала болса да, мәдениет саласында үлкен жетістіктерге жетуде. Мұндай іс-шаралар қала тұрғындарының рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, қоғамдық бірлікті нығайтуға да үлес қосады. Мәдениет ошақтарының дамуы, жергілікті өнерпаздардың қолдау табуы, танымал тұлғалардың қатысуы – бұның бәрі Қосшының мәдениет саласындағы жоғары өрлеуінің айқын көрсеткіші.

Қазіргі таңда қалалардың өркендеуі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Мәдениет – кез келген қаланың бет-бейнесін айқындайтын, оның рухани өзегін құрайтын маңызды фактор. Қосшы қаласы бұл бағытты дұрыс ұстанып, тұрғындарына сапалы мәдени демалыс ұйымдастырумен қатар, жас таланттардың дамуына да мүмкіндік беруде. Бұл бастамалар Қосшының келешекте Қазақстанның мәдени картасында өз орнын табатын заманауи әрі рухани бай қалаға айналуына жол ашады.

Гүлназ БИСЕН

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Динара ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ

Нөмірдің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күшігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz